

Қарағанды облысында "АрселорМиттал Теміртау" акционерлік қоғамының Көмір департаменті "Абай" шахтасындағы аварияның себептерін тергеп-тексеру және салдарын жою жөніндегі үкіметтік комиссия құру туралы

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2021 жылғы 7 қарашадағы № 181-ө өкімі.

Қарағанды облысында "АрселорМиттал Теміртау" акционерлік қоғамының Көмір департаменті "Абай" шахтасындағы аварияның себептерін тергеп-тексеру және салдарын жою жөніндегі үкіметтік комиссия құру туралы

Қарағанды облысында "АрселорМиттал Теміртау" акционерлік қоғамының Көмір департаменті "Абай" шахтасында 2021 жылғы 7 қарашада болған аварияны тергеп-тексеру мақсатында:

1. Қосымшаға сәйкес құрамда Қарағанды облысындағы "АрселорМиттал Теміртау" акционерлік қоғамы Көмір департаментінің "Абай" шахтасындағы аварияның себептерін тергеп-тексеру және салдарын жою жөніндегі үкіметтік комиссия (бұдан әрі – Комиссия) құрылсын.

2. Комиссия дереу жұмысқа кіріссін, аварияның себептерін жан-жақты тергеп-тексеруді қамтамасыз етсін, келтірілген залалды бағалау, зардап шеккендерге және қаза тапқандардың отбасыларына бірінші кезекте көмек көрсету жөнінде шаралар қабылдасын.

3. Комиссия төрағасы Юрий Викторович Ильин аварияның себептерін тергеп-тексеру нәтижелері және келтірілген залалды бағалау, зардап шеккендерге және қаза тапқандардың отбасыларына бірінші кезекте көмек көрсету жөнінде қабылданған шаралар туралы баяндасын.

Премьер-Министр А. Мамин

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы

П р е м ь е р - М и н и с т р і н і ң

2 0 2 1 ж ы л ғ ы 7 қ а р а ш а д а ғ ы

№ 1 8 1 - ө ө к і м і н е

қосымша

Қарағанды облысында "АрселорМиттал Теміртау" акционерлік қоғамының Көмір департаменті "Абай" шахтасындағы аварияның себептерін тергеп-тексеру және салдарын жою жөніндегі үкіметтік комиссияның құрамы

Ильин Юрий Викторович	- Қазақстан Республикасының Төтенше жағдайлар министрі, Комиссия төрағасы

Қасымбек Жәніс Махмұдұлы	- Қарағанды облысының әкімі, Комиссия төрағасының орынбасары
Қарабаев Марат Кәрімжанұлы	- Қазақстан Республикасының Индустрия және инфрақұрылымдық даму вице-министрі
Біржанов Ержан Ерікұлы	- Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау вице-министрі
Ғиният Ажар	- Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау вице-министрі
Сұнтаев Қайрат Иматұлы	- Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрінің орынбасары
Пірімқұлов Ахметжан Әбдіжәмілұлы	- Қазақстан Республикасының Экология, геология және табиғи ресурстар вице-министрі
Басин Вадим Борисович	- Қарағанды облысы әкімінің орынбасары
Мақажанов Нығмеджан Қойшыбайұлы	- Қазақстан Республикасының Төтенше жағдайлар министрлігі Өнеркәсіптік қауіпсіздік комитетінің төрағасы
Танабаев Мұса Тұрманұлы	- Қазақстан Республикасының Төтенше жағдайлар министрлігі Өнеркәсіптік қауіпсіздік комитеті төрағасының орынбасары
Любарская Ирина Юрьевна	- Қарағанды облысының еңбек инспекциясы басқармасының басшысы
Әбенев Әлішер Болатұлы	- "АрселорМиттал Темиртау" акционерлік қоғамы Көмір департаментінің атқарушы директоры (келісу бойынша)
Лукин Андрей Рудольфович	- "Қорғау" көміршілер кәсіподағының бас техникалық инспекторы (келісу бойынша)
Силинский Геннадий Юрьевич	- "Кәсіби әскерилендірілген авариялық-құтқару қызметтерінің республикалық орталық штабы" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі Қарағанды филиалының директоры (келісу бойынша)